

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

**№2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

24.11.2022 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD, аға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. З.Сахитжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – С.А.Қонысова, АК мүшесі.

**Күн тәртібі:**

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.
2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу.
3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау.
5. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау.
6. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Ермекбаева А.Ш сөз алды:** Сәлеметсіздер ме, АК мүшелері. Бүгінгі күн тәртібінде қаралатын мәселелер: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Аталған пунктер бойынша өз ойларымызды ортаға салып, талқылайық.

**АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова сөз алды:** Бірінші мәселе бойынша «6B023-Тілдер және әдебиет» бағыты бойынша бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламасына ішкі аудит ұйымдастырылып, 2022-2023 оқу жылының негізгі оқу жоспарындағы пәндерге аудит жүргізілді. 6B023-Тілдер және әдебиет бағыты білім алушылардың бойында болуы қажет деп тапқан, таңдалған атрибуттарға сай пәндерге толықтай сараптама жасалды. **АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаулетова:** Жұмыс берушілермен кездесу өткізілу барысында, жұмыс берушілер тарапының ұсынысы мен талқылаулар барысында 6B02335-Аударма ісі: ағылшын тілі және 6B02332-Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламаларына жаңа пәндер енгізілді.

**АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова сөз алды:** Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуде «6B023-Тілдер және әдебиет» білім беру бағдарламасының түлегін құрушы атрибуттары мен білім беру бағдарламасының мақсат-міндеттері талқыланды. Оқыту нәтижелері мен басқа да жетекші еуропалық стандартты білім жүйесі қалыптасқан университеттердің білім беру бағдарламасымен пәндік салыстырмалар мен SWOT анализ жасалып, ұсыныстар берілетінін айтты.

**АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков үшінші, төртінші мәселе бойынша сөз алып,** ББ мақсаттары мен оқыту нәтижелерінің өзгеруі жаңадан пәндердің енуіне қажеттілік тудыратынын атап өтті. Жалпы кредит саны 240-ты құрайтын білім беру бағдарламасында міндетті және таңдау компоненттерінің саны өзгергенін, кейбір пәндердің бірігіп, қысқартулар орын алатынын айтып өтті. ББ мақсаттары мен оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау қажеттігін айтты.

**АК төрағасы Ермекбаева А.Ш:** Бүгінгі комитетте талқыланған мәселелердің барлығы дерлік сіздердің еңбектеріңіздің, ізденістеріңіздің арқасында сәтті өтті деп білемін. Қатысып, ат-салысқан барлық АК мүшелеріне үлкен рахметімді айтамын.

**Шешім:** Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебінің нәтижесі анализден өтсін, ББ мақсат-міндеттері мен оқыту нәтижелері қайта тұжырымдалсын. Қараша айында атқарылған іс-шаралар қанағаттандырырлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:



А.Ш.Ермекбаева

Хатшысы:



С.А.Қонысова